



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 19 қазан



ҚР Ұлттық Банкінде БАҚ қатысуымен инфляциялық күтулерді және валюта нарығындағы ахуалды бағалауды талқылау болды

Бүгін Алматы қ. өткен дөңгелек үстел барысында ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері журналистерге инфляциялық күтулер және валюта нарығындағы ахуал туралы айтып берді.

Инфляциялық күтулерді бағалау туралы таныстыра отырып Зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин сөз сөйледі. Ол ақша-кредит саясатының табыстылығы үшін халықтың тұрақты және төмен инфляциялық күтулерін қалыптастыру өте маңызды болып табылатынын атап өтті. Сондықтан Ұлттық Банк халыққа өзінің іс-қимылы және шаралары туралы күтулердің аяқ асты емес, ахуалға барабар түрде қалыптасатындай белсенді түрде хабарлайды.

Сондай-ақ валюта нарығындағы ахуал туралы таныстырылыммен Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова сөз сөйледі. Ол қазіргі уақытта валюта нарығындағы жағдай тұрақты екендігін, айырбастау бағамы мұнай бағасының және Қазақстанның сауда әріптестерінің валюта бағамдарының өзгеруіне тәуелді болғандықтан күнделікті құбылып тұратынын түсіндірді.

Инфляциялық күтулер инфляцияның көтерілуіне және сол сияқты төмендеуіне алып келуі мүмкін - В. Тутушкин

Инфляциялық күтулер – бұл тауарлар мен қызметтер бағасының болашақта өзгеруі туралы болжам. Бұл туралы журналистерге Алматы қ. өткен дөңгелек үстел барысында Зерттеулер және статистика департаментінің директоры В. Тутушкин айтып берді.

«Экономикалық агенттер өздерінің болжамдары негізінде инвестицияларды қазір жасау керек пе әлде болашаққа ақша жинау керек пе деген шешімдер қабылдайды», - деп хабарлады В. Тутушкин.

Ол сондай-ақ, егер халық болашақта бағаның өсуін күтетін болса, онда бүгін ол тауарларды артығымен сатып ала бастайтынын, сонымен қатар оларға сұранысты көтеретінін түсіндірді. Бұл ретте нарықтағы тауардың саны бұрынғыша қалады, себебі олардың тез пайда болуы мүмкін емес. Сатушылар олардың тауарына сұраныстың өсіп отырғанын көре отырып, бағаны көтереді. Осылайша, инфляция көтеріледі.

Зерттеулер және статистика департаменті директорының айтуынша, егер халық болашақта бағаның төмендеуін күтсе, онда ол қазір тауарларды сатып алуға ақшасын жұмсауға асықпайды. Адамдар болашақта тауарды неғұрлым төмен бағаға сатып алуға үміттеніп отырып, ақшасын жинайды. Нарықта тауарлар саны бұрынғысынша болғандықтан, сатушылар тауарды өткізу үшін бағасын төмендетіп бастайды. Инфляция төмендейді.

Елдің тұрғындарына пікіртерім жүргізу арқылы халықтың инфляциялық күтулерін бағалаудың халықаралық практикасы бар – В. Тутушкин

Инфляциялық күтулерді бағалау пікіртерімдерде инфляцияны қабылдау бойынша сұрақтар және күтілетін инфляция бойынша сұрақтар қамтылған. Инфляцияны қабылдау – бұл баға соңғы айларда немесе соңғы жылы қалай өсті және қандай бағалар тез өскендігі туралы халықтың пікірі. Яғни, халықтың бағаның өсуін сезінуі. Бағаның орын алған өзгеруі туралы сезінулер негізінде әр адам болашақта бағаның өзгеруін болжайды. Бұл жайлы Зерттеулер және статистика департаментінің директоры В. Тутушкин Алматы қаласында өткен дөңгелек үстел барысында журналистерге айтып берді.

В. Тутушкиннің айтуынша, мұндай пікіртерімдердің өзіндік ерекшелігі бар. Біріншіден, әдетте, бағаның өсуі неғұрлым танымал тауарларды, мысалы, тамақ өнімдерін сатып алу кезінде байқалады. Жалпы инфляцияны қабылдау кезінде адам соңғы сатып алуды бағаның жалпы деңгейімен салыстырады. Екіншіден, осы өнімдердің жиынтығы сатып алушыдан сатып алушыға қарай өзгеше болады, яғни әркімнің өз «қоржыны» бар. Үшіншіден, түрлі өнімдердің бағасы әртүрлі қарқынмен өзгеріп отырады. «Бұл ретте біз іс жүзінде бағасы өзгермеген немесе тіпті төмендеген тауарларға мән бермей, бағасы өсіп кеткен тауарларға көп мән беруге бейім тұрамыз», - деп атап өтті Зерттеулер және статистика департаментінің директоры. Төртіншіден, оның айтуынша, әрбір сатып алушының «қоржыны» ресми инфляцияны есептеу үшін пайдаланатын өнімдердің қоржынынан ерекшеленеді.

«Ірі нан зауыттары әзірлейтін нанның стандартты бөлкесі бар және ол «ресми статистиканың тұтыну қоржынына» енгізіледі. Оның құны аса өзгермейді. Сонымен бірге уақытта нан өнімдерінің басқа түрлерінің, оның ішінде шағын наубайханаларда әзірленетін нанның бағасы бір көргенде стандартты өнімнен айрықша», - деп мысал келтірді В. Тутушкин. «Нәтижесінде халық сезінетін инфляция, әдетте ресми статистика беретін инфляциядан жоғары», - деп қорытындылады ол.

Экономика ғылымындағы инфляциялық күтулердің рөлі бұрыннан, әсіресе ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап белсенді зерттелуде – В. Тутушкин

Экономика ғылымындағы инфляциялық күтулердің рөлі бұрыннан, әсіресе ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап белсенді зерттелуде. Орталық банктер күтулер бағалауын өз үлгілеріне соңғы отыз жылда басымдылықпен ендіре бастады. Инфляциялық таргеттеу, сол сияқты ақша-кредит саясатының басқа режимдері кезінде инфляция жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін жауапкершілікті арттыру ынталандырудың бір түрі болды.

2016 жылғы қаңтардан бастап Қазақстанда халықтың инфляциялық күтулерін бағалау үшін пікіртерім жүргізіледі. Тұтынушылық бағалардың тікелей өзгеруін бағалауға 7 сұрақ арналған, қалғандары елдегі тұтынушылық және жинақтау көңіл-күйін және экономикалық ахуалды зерттеуге бағытталды. Жекелеген өзекті тақырыптар бойынша біржолғы мәселелер кезең-кезеңімен енгізіледі. Бұл туралы Зерттеулер және статистика департаментінің директоры В. Тутушкин Алматы қаласындағы дөңгелек үстел барысында журналистерге айтып өтті.

«Сондай-ақ Ұлттық Банкте экономикалық агенттердің нысаналы бағдарларға қол жеткізу бөлігінде Ұлттық Банкпен қаншалықты «ортақ» екендігіне қатысты күтулерді ескеруге мүмкіндік беретін әдіснама пайдаланылады», - деп түсіндірді В.Тутушкин. Сондай-ақ, ол, озық әлемдік тәжірибенің негізінде ҚР Ұлттық Банкінің модельдері бейімделген күтулер, яғни өткен тәжірибеге негізделген және ұтымды күтулер болжамын қамтиды, ол кезде шешімдер барлық қолжетімді ақпараттың негізінде қабылданады, - деп сөзін толықтырды.

Сондай-ақ, В. Тутушкин қойылатын сұрақтарға жауаптарды ақша-кредит саясаты саласында шешімдер қабылдау кезінде тікелей пайдалануға болмайтынын түсіндірді. Сондықтан «алынған жауаптар негізінде пікіртерім нәтижесін күтулердің сандық бағалауына келтіру үшін есептеу жүзеге асырылады», - деп атап өтті Ұлттық Банктің өкілі. Оның айтуынша, сандық бағалау халық бір жылдан кейін күтетін инфляция бойынша цифрды береді.

2017 жылғы қыркүйекте халықтың бір жыл бұрын инфляцияны бағалауы 6,5%-ды құрады – деп хабарлады ҚР Ұлттық Банкінде. Бұл көрсеткіш Ұлттық Банк 2018 жылға белгілейтін инфляция бойынша нысаналы дәлізге (5-7%) сәйкес келеді.

Ұлттық Банк тұрақсыздандырушы күйзелістерді болдырмау үшін валюталық өктемдік жүргізу құқығын өзіне қалдырды – деп хабарлады ҚР Ұлттық Банкі

Қазіргі уақытта валюта нарығындағы жағдай тұрақты, айырбастау бағамы мұнай бағасының және Қазақстанның сауда әріптестерінің валюта бағамдарының өзгеруіне тәуелді болғандықтан күнделікті құбылып тұрады. Бұл туралы Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова Алматы қаласында өткен дөңгелек үстел барысында айтып өтті.

«Тамыз бен қыркүйекте өктемдіктер тиісінше (-) 70 млн. және (-)69,7 млн. АҚШ долларын құрады», - деді Ә. Молдабекова.



Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:
+7 (727) 270 45 85
e-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz